Жапсыру	<p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жапсыруда жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды бейнелеу үшін қолдануды үйрету.</p>
Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.</p> <p>Ән айту. Мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру («ре-си» бірінші октава шегінде); қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Ағаш қасықтармен сылдырмақтармен, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнай білуді дамыту.</p> <p>Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p>



10.12.2024

Ақмола облысы, Целиноград ауданы.
Қосшы қаласы

**ЖШС «Амина-2011»
балабақшасы**



Ақмолинская область, Целиноградский район,
г.Косшы



**Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру
бойынша жылдық перспективтік жоспары**

«Балапан» ересек тобы

Тәрбиеші : Батырова Д.Б.

2024-2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Амна 2011»
Топ: «Балапан» ересек тобы
Бала жасы: 4 жастағы балалар
Кезеңі: қаңтар

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20–25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өтуге үйрету.</p> <p>Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеуді жалғастыру.</p> <p>Секіру. Секіру дағдысын дамыту: аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен, оң және сол жақта кезек-кезек секіру.</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта).</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру дағдысын дамыту.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою.</p>

	<p>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4–5 рет жартылай отыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілікті дамыту.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекітуді жетілдіру, әртүрлі әрекеттер кезінде сыбыс, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.</p> <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету; затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Күнделікті өмірде қолданылатын адам денесінің бөліктері мен табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Бұрын зерттелген кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың сөздерін қайталаңыз.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. 2–3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Байланыстырып сөйлеу. Педагог үлгісі бойынша ойыншықтарды сипаттауға үйрету.</p> <p>Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шама. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі түрлі және бірдей затты салыстыра білу дағдысын жетілдіру жұмыстарын жалғастыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, осы фигуралардың пішіндерін зерттеуді үйрету.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) қабілетін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үй. Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мен мектепке барамын, мектепте қызықты, мен жақсы оқитын боламын, көп нәрсе үйренемін). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Заттық әлем. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Көлік түрінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көлік) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды,</p>

тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйге, патриотизмге тәрбиелеу.

Жолда жүру ережелері. Бағдаршам белгілері, көшеде, өткелде жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.

Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.

Өсімдіктер әлемі. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.

Жануарлар әлемі. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.

Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеу кезінде үзніп алу, қысу, тарту, басу, созу, домалату әдістерін қолдану.
Жапсыру	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру дағдысын жетілдіру жұмысын жалғастыру: қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру,

Музыка

желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.

Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету: ақырын, қатты, баяу, жылдам.

Ән айту. Әуенді таза айтуға, сөз тіркестерінің соңын жұмсартуға, сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе отырып, мәнерлеп ән айтуға үйрету; жоғары және төмен дауыспен, дауысты және есту қабілетін дамыту үшін қол қимылдарын көрсету.

Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерте білу.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау, ересектердің әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ойнауын тыңдау қабілетін жетілдіру.

Би. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.

Ақмола облысы, Целиноград ауданы.
Қосшы қаласы

**ЖШС «Амина-2011»
балабақшасы**



Ақмолинская область, Целиноградский район,
г.Косшы



**Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру
бойынша жылдық перспективтік жоспары**

«Балапан» ересек тобы

Тәрбиеші : Батырова Д.Б.

2024-2025 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024/2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы *Амина-2011 балабақшасы*

Топ/сынып: *Балапан ересек жас тобы*

Бала жасы: төрт жастағы балалар

Кезеңі: *ақпан*

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру. Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20–25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.</p> <p>Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеп өту.</p> <p>Секіру. 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіре білуді дамыту.</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға, допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта).</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Екеуден, үшеуден қатарға тұру, бағыт бойынша түзелуге үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшак), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу</p>

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін бекіту: баяу сөйлеу, жаңылтпаш айту.</p> <p>Сөздік қор. Сөздік қорын ересектердің кәсіптерін білдіретін зат есімдермен және еңбек қызметін білдіретін етістіктермен толықтыру; сөйлеуде жиі қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, көмекші сөзді қолдану.</p> <p>Сөздің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыра білуге үйрету, императивті көңіл-күйде етістіктерді қолдануға үйрету (отыру, жүру, жүгіру).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде бала жасаған сурет, бұйым бойынша әңгімелер құра білуге үйрету</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. 2–3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Мұғалімнің үлгісі бойынша ойыншықтарды сипаттау қабілетін дамыту</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Шама. Шаманы салыстыру кезінде қабаттасу әдістерін (жоғарыда) және қосымшаларды (жанында) қолдана білуге үйрету</p> <p>Геометриялық фигуралар. Сөйлеуде сын есімдерді қолдануға үйрету, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыра білуге үйрету.</p>

	<p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Отбасы, ересек отбасы мүшелерінің жұмысы туралы білімді жетілдіру; үлкен және кіші отбасы мүшелеріне құрметпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалау.</p> <p>Заттық әлем. Айналадағы заттар, олардың қасиеттері мен мақсаты туралы түсініктерін кеңейту; қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Көлік түрлерін (әуе, су, жер үсті), жабдықтар мен мақсаттарға (өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем) байланысты көлік түрлері туралы; телефонның, компьютердің, теледидардың мақсаты және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы ажырата білу қабілетін дамыту.</p> <p>Еңбекке баулу. Жақын адамдардың кәсіптерімен таныстыру, олардың атқаратын функцияларының мағынасын түсіну; ата-аналардың кәсіптеріне деген қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қателік жасағаны үшін ұят сезімін сезінуге үйрету; ренжіткені үшін құрбысынан кешірім сұрауға үйрету; Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республиканың қалалары мен ауылдарының атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы түсініктерді дамыту.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Бағдаршамның жарық сигналдарына сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру; жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргіншілер өткелі» жол белгісі туралы білімді қалыптастыру; балаларды жол жүрісі ережелерін саналы түрде сақтауға жеткізу; сюжеттік-рөлдік ойындарда жол жүрісі ережелерін білуді бекіту.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыру (күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылдауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Қазақ ою-өрнегінің элементтерін шеңбер, сопақ, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш түрінде салу: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «бота көз», «ирек»; элементтердің</p>

	орналасу тәртібін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау; балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы идеяларын байыту; қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру, түстерді өзіңіз жасауға ынталандыру (қажетті түсті алу үшін бояуларды араластыру)
Мүсіндеу	Стек қолдануды таныстыру; стек көмегімен өрнектелген бұйымдарды безендіруге деген ұмтылысты ынталандыру
Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру (киіз үй және оның жабдықтары, сандық, кебеже, текемет, киіз кілем); геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру
Құрастыру	Табиғи материалдардан жасалған бұйымдармен, қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру, олардан жасалған материалды зерделеу; табиғи материалдардан (бүршік, мақта, жүн, жіптер, асық, қағаз, былғары, кенеп, мата, астық түрлері) және қалдық (қақпақ түрлері, пластик, қораптар, киім қыстырғыштары) материал құрастыру
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Дыбыстарды биіктігі бойынша ажырату қабілетін дамыту (жоғары, төмен шекте секста, септима).</p> <p>Ән айту. Аспаптық сүйемелдеумен және онсыз ән айтуды үйрету (тәрбиешінің көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қимылдарды музыкамен үйлестіре отырып, жартылай отырып орындау, музыканың екінші бөлігіне қимылды ауыстыра білу.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Ағаш қасықтарда, маракаста, барабанда, металлофонда қарапайым әуендерді ойнау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Билер. Музыканың көңілді қызу табиғатын ажырата білу қабілетін дамыту, атрибуттармен би қимылдарын орындау</p>

Ақмола облысы, Целиноград ауданы.
Қосшы қаласы

**ЖШС «Амина-2011»
балабақшасы**



Ақмолинская область, Целиноградский район,
г.Косшы



**Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру
бойынша жылдық перспективтік жоспары**

«Балапан» ересек тобы

Тәрбиеші : Батырова Д.Б.

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024/2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы *Амина-2011 балабақшасы*

Топ/сынып: *Балапан ересек жас тобы*

Бала жасы: төрт жастағы балалар

Кезеңі: *наурыз*

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Балалардағы тепе-теңдікті дамыту бойынша жұмысты жалғастыру</p> <p>Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып жүгіруді қалыптастыру жұмысын жалғастыру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Төрт тағандап еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p>Секіру. 20–25 сантиметр биіктіктен секіре білу қабілетін дамыту.</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу. Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыруға (2 метр қашықтықтан) үйрету.</p> <p>Сапқа тұру, сапқа қайта тұру. Оңға, солға бұрылу, орнында айналуға үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.</p> <p>Қимылды ойындар. Доптармен, арқанмен, құрсаумен ойындарда балалардың белсенділігін дамытуды жалғастыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p>

Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.</p> <p>Сөздік қор. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға баулу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Заттардың белгілерін, санын, әрекеттерін білдіретін сөздерді айту қабілетін дамыту; 5-ке дейін тікелей және кері санау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыру қабілетін дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Мұғалімнің үлгісі бойынша ойыншықтарды сипаттау қабілетін дамыту.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шама. Шаманы салыстыру кезінде қабаттасу әдістерін (жоғарғы жағында) және қосымшаларды (жанында) қолдану қабілетін дамыту</p> <p>Геометриялық фигуралар. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, оң жағымда терезе, сол жақта орындық, ойыншықтың арт жақта тұр).</p>

	<p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үй. Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> <p>Заттық әлем. Айналадағы заттар, олардың қасиеттері мен мақсаттары туралы түсініктерді кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Еңбекке баулу. Баланың айналасындағы ойыншықтарға, заттарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, олардың адамдардың еңбегімен жасалғандығы туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Оның жасына байланысты әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер туралы идеяларды қалыптастыру, ұлттық ойындар. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республика қалалары мен ауылдарының атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы түсініктерді дамыту.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Жануарлар әлемі. Жандіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p>

	<p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>
Мүсіндеу	<p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
Жапсыру	<p>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.</p>
Құрастыру	<p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
Мзыка	<p>Музыка тыңдау. Өндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдей білу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау, ересектердің әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ойнауын тыңдау қабілетін жетілдіру.</p> <p>Би. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p>